

**"Байзақ ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемалары мен қағидасын бекіту туралы" Байзақ ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 12 тамыздағы №454 қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Жамбыл облысы Байзақ ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 01 сәуірдегі № 151 қаулысы  
**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" Заңының 37 бабына, "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 21-1 бабының 1 тармағына және "Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрі міндетін атқарушысының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 349 бұйрығына сәйкес Байзақ ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Байзақ ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 12 тамыздағы "Байзақ ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемалары мен қағидасын бекіту туралы" №454 қаулысының ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 18 қыркүйектегі №2766 болып тіркелген, Байзақ аудандық "Ауыл жаңалығы - Сельская новь" газетінің 2015 жылғы 30 қыркүйегіндегі №95 нөмірінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Бақтияр Мұратұлы Ақбаевқа жүктелсін.

*Аудан әкімі*

*М. Шүкеев*